



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Қазақ тіл білімі кафедрасы



ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы,  
профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы,  
публицист М.С. Серғалиевтің 85 жылдығына арналған  
«МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»  
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана, 2023

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор,  
көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист М.С. Серғалиевтің  
85 жылдығына арналған  
«МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»  
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**Астана 17 наурыз 2023 жыл**

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2  
Қ70

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғылыми кеңесі ұсынған

*Редакция алқасын басқарған:* Сыдықов Е.Б.

*Редакция алқасы:* А.Бейсенбай, Қ.Саркенова, Б. Әбдуәліұлы (жауапты шығарушы),  
Маликов Қ., Кенжалин Қ.К.

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист М.С. Серғалиевтің 85 жылдығына арналған «МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 345 б.

ISBN 978-601-337841-1

Қазақ тіл білімінің қалыптасуы, дамуы, бүгінгі көтерілген дәреже-биігі – қазақ ғалымдарының ондаған жылдарғы ұжымдық ізденістерінің жемісі. Осы ұжымның ішінде М.Серғалиевтің есімі оқшау аталатын мамандар қатарында тұрады. Ол тіл білімі, публицистика, әдістеме бағытында қатар еңбек етіп, қазақ руханиятында өзіндік із қалдырды. Бүгінде ғалым-ұстаздың қалыптастырған ғылыми мектебі өз жұмысын жалғастыруда, сонымен қатар серғалиевтану ізденістері де басталып келеді. Жинақта жарық көрген ғалымның ғылыми мұрасына арналған зерттеулер – сол жұмыстардың нақты көрсеткіші.

Конференция Мырзатай Серғалиевтің ғылым мұрасын зерделеуге және жалпы филология мәселелеріне арналған. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337841-1

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2023

## ҚАЗАҚ-ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖІКТЕЛІМІ

*ТҰРҒАНБАЕВА Қ.М.,*

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты.*

*Астана, Қазақстан*

**Аңдатпа.** Осы уақытқа дейін қазақ және түрік лингвистикасында фразеологизмдер ауқымды зерттеу объектісіне айналды. Бірақ барлығы дерлік зерттелді деуге болмас. Оның қатарында зерттеу нысаны ретінде алынып отырған этнолингвистикалық фразеологизмдердің тақырыптық топтары салыстырыла қарастырылмаған еді. Ұсынылған мақалада сөз болған лексикалық қабаттың қолданыс ерекшелігі жан-жақты сараланды. Сол себепті аталмыш тілдердегі этнографияға қатысты тұрақты тіркестердің мағыналас топтарға жіктелуі оның ішкі мағыналық ерекшеліктерін айқындаудың ұтымды әдісі ретінде саналды. Мақала этнографиялық фразеологизмдердің жоғарыда аталған тақырыптық түрлерінің жеке-жеке қолданыс ерекшелігін көрсету арқылы қазіргі әдеби тілден алатын орнын анықтау мақсатында жазылды. Ол үшін мағыналық жіктерге бөліп, концепцияларды анықтау әдісі қолданылды. Яғни, олардың тарихи кезеңдерде өз дәрежесін жоғалтпай, қазіргі әдеби тілімізге дейін жетуі екі тілдегі тұрақты тіркестердің бір-бірінен алшақ кетпегендігімен дәлелденді.

**Тірек сөздер:** тіл білімі, этнография, концепция, этнографизмдер, фразеологизмдер, жіктелім, этнос

**Аннотация.** До настоящего времени в казахской и турецкой лингвистике фразеологизмы стали объектом обширных исследований. Но нельзя сказать, что почти все было изучено. В его числе не были сопоставлены тематические группы этнолингвистических фразеологизмов, принимаемые в качестве объекта исследования. В предложенной статье всесторонне проанализирована специфика употребления лексического слоя, о котором идет речь. Поэтому классификация устойчивых выражений, относящихся к этнографии в данных языках, на смысловые группы считалась рациональным способом определения ее внутренних смысловых особенностей. Статья написана с целью определения места этнографических фразеологизмов в современном литературном языке, отражая специфику индивидуального употребления вышеуказанных тематических видов фразеологизмов. Для этого был использован метод определения понятий, разбив их на смысловые щели. То есть, их достижение до современного литературного языка, не потеряв своего ранга в исторические периоды, было подтверждено тем, что устойчивые выражения в обоих языках не расходились.

**Ключевые слова:** языкознание, этнография, концепция, этнографизмы, фразеологизмы, классификация, этнос

**Annotation.** To date, phraseological units have been the object of extensive research in Kazakh and Turkish linguistics. But it cannot be said that almost everything has been studied. Among them, thematic groups of ethnolinguistic phraseological units accepted as the object of research were not compared. The proposed article comprehensively analyzes the specifics of the use of the lexical layer in question. Therefore, the classification of stable expressions related to ethnography in these languages into semantic groups was considered a rational way to determine its internal semantic features. The article is written in order to determine the place of ethnographic phraseological units in the modern literary language, reflecting the specifics of the individual use of the above thematic types of phraseological units. To do this, the method of defining concepts was used, breaking them into semantic slits. That is, their achievement to the modern literary language, without losing their rank in historical periods, was confirmed by the fact that stable expressions in both languages did not diverge.

**Keywords:** linguistics, ethnography, concept, ethnographisms, phraseological units, classification, ethnos

Әрбір ұлт өзіне тән жеке-дара болмысымен айрықша ерекшеленеді. Осы ерекшелік көшпенді қазақ халқының санасын жаңа ойлармен толықтырып отырады. Халқымыздың сана-сезімі айналасындағы тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланыста болған. Яғни, қазақ халқының жаратылысын, рухани бітімін, өмір салтын айқындайтын белгілер, яғни қазақтың ұлттық коды ауыз әдебиеті жанрларынан да көрініс тапқан. Әр халықтың қоғамдық, мәдени ерекшеліктерін бойына сіңірген, көркем де әсем, ықшамды сөз оралымдары – тұрақты тіркестер тілімізде жиі ұшырасады. Фразеологизмдер – адамдардың, ру, тайпа, халықтың қоршаған ортаға деген түсінігін, өзіндік көзқарасын, ақиқат болмысын таныта отырып, әлемнің тілдік бейнесін жасауға қатысатын тілдік бірліктер. Әлемнің тілдік бейнесі деп отырғанымыз кез-келген бір ұлттың жылдар бойы жинаған мәдениетінің, білімінің өз тілінде бейнеленуі. Сондықтан фразеологизмдер ойды көркем жеткізу құралы ғана емес, сонымен қатар халықтың тұтас болмысын танытатын тіл өрнектері. Осы тұста ғалым Ә.Т.Қайдардың «Этностың инсандық болмысынан туындап, санасында сараланып, тарихи жадында сақталып, тіл арқылы ғасырлар бойы қалыптасып, қорланып, рухани мәдени мұра ретінде атадан балаға, әулеттен нәсілге үзілмей ауысып келе жатқан дәстүрлі мирасты жаңғыртып, жан-жақты зерттеп, танымдық мәнін ашып болашақ ұрпаққа ұсыну мақсатына байланысты дүниеге келген тіл білімінің күрделі де құнарлы саласы» [1, 15] деп Этнолингвистикаға берген тұжырымды анықтамасы тілге тиек болмақ.

Фразеология – тілдің ұлттық рух, ұлттық ерекшелік, ұлттық семантика ерекшеліктері айқын көрінетін бөлігі. Онда халықтың бейнелі ойлауы, тіл поэзиясы бекітілген. Фразеология – бұл тілдің визит карточкасы деп айтуға болады. Адамдарға ерте кезден ойлаудың бейнелілігі тән, оппоненттерге тиімді әсер ету салдарынан пікірдің метафориялығы тән. Өз дәлелдерімізде біз дәйексөздерге жиі жүгінеміз, қанатты сөздерді, мақал-мәтелдерді қолданамыз. Мұндай қабылдау тыңдаушыға психологиялық қысым көрсетеді, оны сөйлеушілермен осы көзқарасты басқа да, беделді ақыл-ойды бөлісетініне саналы түрде сендіреді. Тұрақты тіркестің мазмұнына халықтың барлық тарихы, оның және оның тілінің өмір сүруінің формалары мен шарттары, сондай-ақ геосаяси факторлар: елдің географиялық орналасуы, қоғамдық-саяси және діни құрылымы, халыққа үйреншікті өсімдіктер мен жануарлар әлемі, көршілердің болуы және т.б. әсер етеді. Мұндай факторлардың болуы жиі фразеологизмге ұлттық колорит береді, ол әсіресе шет тілді фразеологиямен салыстырғанда байқалады.

Тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттағы зерттеулердің нысаны таным объектісінен (тіл, сөзден) сол тілді тудырушы, қолданушы, жарыққа шығарушы адам – субъектіге ауыстырылып, тілдік конструкциялар дүниені «адам призмасы» арқылы көрудің, танудың дәйектемелік негізіне алынады, «тіл мен адамның» аражігі бөлінбей, біртұтастықта сипатталады. Басқаша айтқанда, қазіргі заманғы лингвистикалық зерттеулер объектіден субъектіге қарай бет бұрып, тіл – субъектінің ең басты конститутивтік белгісі ретінде қарастырылады.

«Тілтанымда адам қоғам мүшесі, психофизиологиялық ерекшеліктерден құралатын индивид, ойлау және тану әрекеттері арқылы өзі іспеттес басқа субъектілермен қарым-қатынас жасайтын тұлға ретінде ұғынылады. Тілтанымның антропологиялық ұстанымдары өз алдына жеке емес, өзге ғылыми жүйелермен, теориялармен байланыса өрбиді. Айталық, қатысымдық прагматика, дискурс теориясы, когнитивтік антропология, әлеуметтік психология, жасанды интеллект, сөйлеу актісінің теориясы т.б. ілімдердің қай-қайсысы да адам тілі және оның таным әлемінің өзегін құрайтын адамдық фактордың құндылығын дәйектейді» – дейді Э.Н. Оразалиева қазақ тіл біліміндегі лингвистикалық ұстанымдар, тілтанымдық қағидалар мен тұжырымдамалар

жүйесінің қалыптасу, даму кезеңдерін «лингвистикалық білім» парадигмасы аясында қарастырған зерттеуінде [2, 41].

Фразеологизмдердің түрік тілінде қарастырылуы бойынша екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Біріншісі – Түрік Республикасы құрылғанға дейін. Осман кезеңінің басында сөздіктерде фразеологизмдер өте аз болды. 1480 жылы белгісіз автор және 1936 жылы Велет Избудакпен толықтырылған «Atalar Sözü» (Ата-бабалар сөзі) шығармасында мақал-мәтелдер ғана емес, кейбір фразеологизмдер де бар. Бұл жұмыста 689 тіркес бар және тұрақты тіркестердің бірінші сөздігі болып саналады [3, 56].

Екінші кезең – Түрік Республикасы құрылғаннан кейінгі зерттеулер. Түркия Республикасы құрылғаннан кейін ұзақ уақыт бойы «таабир» (ta'bir) сөзі қолданылды. Алайда, 1935 жылы Стамбул қаласында түрік тілін зерттеу қоғамы осман тілінен түрік тіліне қалта анықтамалық-сөздігін жариялап, таратады, онда «таабир» (ta'bir) терминінің орнына «дәйим» (deyim) сөзін «expression» деп аударған. Осылайша, содан бері бұл жаңа сөз айналымға түсті. Алайда, Мұстафа Нихат Озон, М. Халит Байра және М. Шәкір Ұлқұташир сияқты зерттеушілер мен жазушылар «таабир» (ta'bir) терминін ұзақ уақыт бойы пайдаланды [4, 18].

Қазақ тіліндегі этнофразеологизмдер өзіндік жеке, дербес салаға қатысты, осыған байланысты фразеологизмдер этнографиялық сипаты әр түрлі тілдік фактілермен ерекшеленіп, ұлт тілінде тарихи сипатқа ие болады. Бұлардың бәрі этнос өмірінде туындап, өзіне ғана тән рухани, мәдени танымды бояу нақышымен тағы бір қырынан суреттеліп, тіл әлемінде ерекше қолданылып, айрықша сөзқолданыстардың бірі болып табылады.

Қазіргі тіл білімі тілді адам мен ойлаумен, сана-сезіммен байланыстыра үйретуге тырысумен қатар, тілдік фактілерді де тілдік тұлғамен және ұжыммен тығыз ара-қатынаста зерттеумен де ерекшеленеді, бұндай жағдайда тілдің ұлттық-мәдени ерекшеліктеріне, сонымен қатар тілдік бірлікті зерттеуге үлкен көңіл бөлініп келеді.

Тілдегі этнофразеологизмдер халықтың дүниетанымы, болмысы, салт-санасы, әдет-ғұрпы, рухани мәдениеті сол халықтың тіршілігінен, өмір сүрген ортасынан, менталитетінен, психологиясынан, әлеуметтік-саяси көзқарасынан мағлұмат беретін ұлттық құбылыс болып табылады. Тіл — мәдениеттің феномені, ұлт мәдениетінің көрінісі ретінде ғылымда өз дәрежесінде әлі де зерттелмей келеді. Тіл — рухани күш. Демек, тіл және семиотикалық таңбалар арқылы адам кез келген құбылысты қабылдап, оған баға беріп, өз көзқарасымен ойын білдіре алады [5].

Этнофразеологизмдер ұлттық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, тұрмыс ерекшеліктер, тарихи-мәдени болмыс және ұлт тіліндегі басқа да көріністер арқылы суреттеледі. Мысалы: «қол қусырып қой сою» — құрмет көрсету, қонақжайлылықты білдіреді, «құрсақ шашу», «бетке үн жағу», «құда түсіп, құйрық жеу» сияқты этнофразеологизмдер келін немесе күйеу баланың келу құрметіне байланысты қолданылады. Бұл этнофразеологизмдер қазақ халқының салт-дәстүрлерін ашады.

Этнофразеологизм — белгілі бір ұлтқа тән, сол ұлт қолданысының әдет-ғұрып, салт-сана, мәдениетіне байланысты кездесетін фразеологизмдер. Мәселен, азан айтты, бас құда, қалың мал, дөнен қымыз, шаңырақ көтерді, тұсау кесті, қырқынан шықты, үйірімен үш тоғыз, тағы басқалары секілді фразеологизмдер өзге ұлттарда кездеспейді.

Этнос ғылым жүзінде: «өткен дәуірлерде дүниеге келіп, белгілі бір географиялық ортада қалыптасқан, шұғылданған тірлік-тіршілігі бірыңғай, мінез-құлқы ұқсас, діні де, тілі де бір, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы ортақ, өзінің ортақ тегін, туыстығын сезіне білетін, сатылап даму барысында аналық, аталық, рулық, тайпалық, ұлыстық және халықтық дәуірлерді басынан кешіріп, бүгінде дербес ел болып отырған адамдар қауымы» болып табылады [6; 10].

Мұндай этностар жер жүзінде көп және олар сан жағынан да, даму сатысы бойынша да әр түрлі. Көбісі халық, ұлт дәрежесіне көтерілсе, ру-тайпа деңгейінде қалып қойғандары да аз

емес. Қазақ этносы болса, бүгінде өзінің шарықтау шегі — ұлт дәрежесіне көтеріліп отыр. Зерттеу мақсатына байланысты қазақты «этнос» деп қараудағы мақсат — оны төмендету емес, қайта оның басып өткен ұзақ та сатылы даму жолын (ретроспективті бағытта) саралай түсінудің, тарихи этнотұлға ретінде танудың бірден-бір дұрыс жолы, кепілдігі деген сөз [6; 12].

Енді осы «этнос» деген тарихи күрделі ұғымды сол қалпында ала салмай, этнофразеологизмдер деп қарастырудың себебіне келсек, ол да ойға қонарлық дүние.

І. Кеңесбаевтың «Фразеологиялық сөздігінен» қазақ ұлтына мейлінше жақын фразалық тіркестер жинастырылды [7]. Сөз таптарына қатыстылығына байланысты сөз етсек, олардың ішінде мол кездескендері зат есім, етістік және аз да болса одағай тіркестер.

Қазақ тілінде де, басқа түркі тілінде сияқты, фразеологизмдердің сөз табына қатыстығы жағынан ең көбі етістік фразеологизмдер. Тұрақты етістікті сөз тіркестері өзінің семантика-грамматикалық табиғатында жалаң және күрделі деп бөледі.

Жалаң етістікті фразеологизмдер үлгісіне: *аза күтті, айтұяқ шалды, бақан аттар, бата қылды; бәйге тікті, бата оқыр* және тағы басқалары жатады.

Қорыта айтқанда, тілімізде ойымызды бейнелі, мәнерлі етіп, айқын жеткізуде өзінің бейнелілігімен, әсерлілігімен, экспрессивті-эмоционалды бояуымен және ұлттық сипатымен айрықша көзге түсетін этнофразеологизмдердің маңызы ерекше құнды. Тіліміздегі этнофразеологизмдер – ұлт тілінің көрсеткіші. Этнофразеологизмдер ұлттық болмысымызды көрсететін этнолингвистикалық арналар болып табылады. Осы орайда қазақ тілінің фразеологиялық қорындағы даяр қалпында қолданылатын тұрақты тіркестердің қалыптасу уәждерін, шығу тарихын зерттеу, зерделеу, ұлт тілінің байлығы ретінде ұрпақтан ұрпаққа жеткізу – тілтану ғылымындағы ең бір өзекті мәселелердің бірі десек, артық етпес.

### Әдебиеттер тізімі

1. Қайдаров Ә.Т. Этнолингвистика негізі. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1998. – 300 б.
2. Оразалиева Н.Э. Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік парадигма: Филол. ғыл. докторы. ... дисс. – Алматы, 2007.
3. Aksoy Ö.A. Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü. – İstanbul: İnkilab Kitabevi, 1988. – 485 s.
4. Sosyal Bilimler Dergisi. Fırat Üniversitesi. – Elazığ, 2008.
5. Хазимова Ә.Ж. Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық-мәдени деректері: Канд. дис. автореф. — Алматы, 2002. — 30 б.
6. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. — Алматы: Ғылым, 1988. — 197 б.
7. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. — Алматы: Ғылым, 1977. — 797 б.